



№70 (9957)  
5 қыркүйек  
сейсенбі  
2023 жыл  
Газет  
1934 жылғы  
10 қаңтардан  
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

# Жаулаған Жаршысы



## Пікір

### Экономиканың өсуі – ел дамуының кепілі

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауын арнады. Барлық саланың жұмысындағы жүйені, кемшіліктерді айтты.



Менің назарымды аударған сыртқы сауда-саттық деңгейінің 136 млрд долларға жеткені болды. «Алайда нағыз дамыған ел боламыз десек, саяси реформалармен шектеліп қалмауымыз керек. Осы жұмысты түбегейлі және жан-жақты әлеуметтік-экономикалық реформаға ұштастыру қажет. Қазір әлемде геосаяси ахуал ұшығып тұр. Соған қарамастан, ел экономикасының негізгі бағыттары бойынша көрсеткіштер өсті.

Былыр Қазақстанның ішкі жалпы өнімі 104 триллион теңге болды. Елімізге 28 миллиард доллар тікелей шетел инвестициясы тартылды. Бұл – рекордтық көрсеткіш.

Сыртқы сауда-саттық бұрын болмаған деңгейге, яғни 136 миллиард долларға жетті. Оның 84 миллиарды – экспорт» деген Мемлекет басшысы сыртқы қорымыздың 100 миллиард долларға жуықтағанын да атап өтті.

Иә, экономиканың өсуі тікелей ел дамуына әсер етеді. Бұл жөніндегі жұмыстарды өлі де пысықтауды Президент тапсырды. Енді тапсырма тиянақты орындалуы тиіс

Садық АЛИЕВ,  
аудандық ардагерлер  
кеңесінің төрағасы

Еліміздің дамуына бағыт-бағдар беретін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауын жариялады.



### Елді мекендер еңсе тіктейді

Мемлекет басшысы бұл Жолдауда төменгі жапалыны өсіру туралы айтып өтті. Бұл тұрғындардың әл-ауқатын көтеруге септігін тигізетіні анық.

Агроғылымды дамыту мәселесі. Су тапшылығын болдырмау және алдын алу бойынша бірқатар нақты тапсырмалар беріліп, шаралар атқарылары сөзсіз. «Жайлы мектеп» жобасы аясында елімізде 400-ге жуық мектеп салынады. Мұндай мектепті ауданда да салу жоспарлануда.

Сонымен қатар ауылдық жерде 300-ден астам денсаулық сақтау нысаны салынып жатыр. Аталған нысанның екеуі біздің аудандағы Мырзабай ахун және Аламесек ауылдық округтеріне бой көтеріп жатыр. Игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген 8 млн гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылса, аудан бойынша биыл ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді мақсаты бойынша пайдаланбаған тұлғалардан 33 000 гектар жер учаскелерін қайтару жоспары бекітілді.

Жолдауда еліміздің алдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттары айтылып, дамудың жаңа міндеттерін айқындалды. Бұл әр салаға жаңа серпін беретіні анық. Еліміздің жарқын болашағы мен көмел келешегі үшін мақсат-міндеттерді орындау – әр азаматтың борышы.

Қайрат ДОСЫМОВ,  
аудандық мәслихат депутаты

## Балаларға базарлық



### Қуанса, бала қуансын

Елдің қуанышында да, қайғысында да халықпен бір болып, қазақтың қажетіне жарау – екінің біріне бұйра бермейтін бақ. Оған жету үшін алдымен тәуекел ету керек, қалған жоқты бойдағы жомарттығың толтырады. Рас, кейбір азаматтар әр жерде игі шараларды қолға алып, қайырымдылықтан құр қалып жатқан жоқ. Бірақ тұтас бір еңбек ұжымын елдің ертеңіне адал қызмет етуге ұйыстыруға да біршама қабілет қажет-ақ.

Жалағашта да қыс-қыстау шақта елмен бір болып, көптің алғысына көнелгендер бар. Соның бірі де бірегейі – «Өркен-Әлем» ЖШС. Серіктестік ұжымы көшегі елді тәтжаз кезген шақта да жұртының жанынан табылып, халыққа тегін бетперде таратып, аудан жұртының көңілін бір демегенін жалағаштықтар жақсы біледі. Тігін цехындағы нәзікқандылар 20 мыңға жуық бетперде өндіріп, дерттің дендемеуіне тәмшайды болса да өз үлесін қосқанын кім ұмыта қойды дейсіз.

Шынында өндіріс орындарының осындай шақта көптің қажетіне жарап жатқаны көңіл қуантады. Мұнан кейін ауданда өтіп жатқан игі шаралардан бұл ұжымның шет қалғанын байқамадық. Керісінше уақыт өткен сайын серіктестік жұмысында серпін қалыптасуда. Оған басшылықтың өріп-терстерін ымыраға, ауызбіршілікке үндей отырып, жұмысты шебер жүргізіп басты себеп болатыны айтпаса да түсінікті. Онда қарапайым адамдар жұмыс жасап

жатқан жоқ, әскери киімдер өндіретін елдегі алып кәсіпорында мемлекеттің болашағына бейжай қарайтындыр еңбек етуде. Осындай жауапкершілігі мол өндіріс ошағында қыруар шаруаны тындырып жатқан еңбек ұжымының елмен бір болуға қай шақта да уақыт табатынын ісімен дәлелдегені әлдеқашан.

Жаңа оқу маусымында басталғанына санаулы күндер болды, әр жерде «Мектепке жол» акциясы аясында жомартжүректі азаматтар балаларға қуаныш сыйлап жатыр. Балалардың болашағына, кедергісіз білім алуына қолғабыс болатын мұндай шаралардан «Өркен-Әлем» ЖШС басшысы да құр қалған жоқ. Жуырда серіктестік басшысы Жақсылық Өзденбаев аудандағы 80-ге жуық оқушыға мектеп формасы мен оқу құралдарын сыйға тартты.

Иә, бала қуанса, өлем қуанады. Олардың қуаныштан бал-бұл жанған жүзін көру үшін ешқандай еңбек те, жақсылық та артық етпейді. Өйткені бала – бауыр етің,

жүрегіңнің бөлшегі, көңілдің нуры, көздің қуанышы, өміріңнің жалғасы. Бұл шарада мектеп құралдарымен қамтамасыз етілген балалар арасында білім ошағының табалдырығын енді аттағалы отырған бүлдіршіндер де болды.

Жаңа оқу күнімен баршаңызды құттықтаймыз. Әр жылды табысты аяқтауларыңызға тілектеспін. Біздің, мемлекеттің болашағы – балалар, әрқайсысыңыз мектептің алды болыңыздар. Кішкентай ғана ұжым едік, бүгін ортамыз балалармен толып отыр. Мұның өзі бір бақыт. Осы балалар үлкен азамат болып, ата-аналарының үмітін ақтасын. Бүгін сіздерге кішкене болса да сыйлығымыз бар, соны табыстауға рұқсат етіңіздер. Бұл шарада мектеп құралдары мен мектеп үлгісіндегі киімдер табысталаындар қатарында бізде ата-аналары жұмыс жасайтын балалар да бар. Шараны серіктестік ғимаратында ұйымдастыруымыздың да өзіндік себебі бар. Бір жағынан балалар ата-аналарының

қайда жұмыс жасайтынын көрсін дедік, адал еңбек етіп жатқан ата-аналарынан жұмыс барысында да үлгі алсын деген ой. Ата-аналарға да тек жақсылық тілеймін, балаларыңыз үміттеріңді ақтап, елдің ертеңіне адал қызмет ететін бәсекеге қабілетті азамат болып қалыптассын дегімиз. Ел аман, жұрт тыныш болсын, тәуелсіз еліміз осы жастармен өсіп өркендесін, – деді серіктестік директоры.

Айта кетейік, бүгінде еліміз бойынша салаға қажетті киімдердің барлық түрін өндіретін жалғыз кәсіпорын – «Өркен-Әлем» ЖШС. Цех 100-ге жуық адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Ал кәсіпорын директоры Жақсылық Өзденбаев сөзінен ісі алда жүретін, қайырымдылық шараларынан қалмайтын, үлкенжүректі азаматтар қатарында. Жаңа оқу жылындағы игі ісімен 80-ге жуық балаға қуаныш сыйлады. Әр баланы сабақ сөмкесімен қатар мектеп формасымен де қамтамасыз етті.

Игі шарада ата-аналар да серіктестік басшылығына ризашылығын білдіріп, жұмыстарына сәттілік тіледі. Ал балалар алдағы уақытта сабақты жақсы оқып, ата-аналарының, ұстаздарының сенмін ақтауға уәде етті. Шара соңында балалар еңбек ұжымымен естелік суретке түсіп, арнайы дайындалған дастарқаннан дем ауыз тиді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

## Жұрт көңілінен шыққан жәрмеңке

Өткен сенбінің таңы аудан орталығындағы стадион алдында әдеттегідей емес, күйбең тіршілік пен абырдабыр қозғалыспен басталды. Өйткені кент тұрғындары үшін молшылық мерекесі саналатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті. Қой, тоқты, жоңышқа, қауын-қарбыз, балық тиеген жүк көліктері стадион маңына тұрақтап, өнімдерін халық алдына жайды. Жалпы, ауылдық елді мекендерден 22 азық-түлік тиеген көлік өз өнімдерін пұлдауға келіпті. Қас қағым сәтте халық белгіленген орынға жиналып, қызу сауда басталып кетті. Иә, өнім бағалары күнделікті сауда орындарындағы бағамен салыстырғанда едәуір төмен, яғни тұрғындар үшін өте тиімді болды.

Жәрмеңкені ұйымдастырушыларға, өнімдерін төмен бағада саудалаған шаруаларға көп рахмет. Өркен бұл жәрмеңкенің тиімділігі бағасының қалта көтеріндігінде гой. Жәрмеңке өтеді дегенді естіп, таң атысымен шайымды ішпей, осында жол тарттым. Сөйтсем менен де ерте көлгендер бар екен, иә бұдан бағаның төмен екенін бірден түсіндім. Бірінші ретте Жаңадария ауылының қауын-қарбызын сатып алдым, өйткені Жаңадария қауын-қарбызының қандай дәмді болатынын жақсы білеміз. Сондай-ақ қызанақ секілді көкөністерден де алдым, өзіміздің өңір өнімдерінен банка басқан дүрыс деп ойлаймын. Жалпы кентте осындай



жәрмеңкелер жиі ұйымдастырылса, біз секілді аудан тұрғындарымыз риза болары сөзсіз, – дейді ауыл тұрғыны Мәншүк Нұрмаханова.

Жәрмеңкеге кент және ауылдық округтерден барлығы 35 тонна өнім әкелінген. Нақтырақ тоқталсақ, 10 тонна қауын, 12 тонна қарбыз, 0,5 тонна балық, 500 пресс жоңышқа, 1650 пресс шөп, 20 бас тоқты,

10 бас қой саудаға шығарылған. Мәселен, қауын келісі 150, қарбыз 100, балық 1300 теңгеден сатылса, жоңышқа пресі 700, ал шөп пресі 400 теңгеден саудаланды. Тоқты 40 мыңнан басталса, қой 50 мыңнан пұлданды.

Иә, жәрмеңкенің бір артықшылығы бағасының төмен болуында екені белгілі, дегенмен ең бастысы, тұрғындар сапалы өніммен қамтамасыз етілгенін ұмытпаған жөн. Әрине ауыл шаруаларының жаз бойғы мандай термен ешбір химиялық қоспаларсыз баптаған өнімдерінің сапалы болатынына ешкімнің де күмән келтірмейтіні рас. Сондықтан болар, жәрмеңкедегі халықтың қарасы қалың болды.

– Мен Жаңадария ауылының тұрғынымын. Өздеріңізде байқап тұрған шығарсыздар, Жаңадария десе, халықтың есіне бірінші қауын мен қарбыз түсетіні бар. Жаз бойы ауыл маңында қауын-қарбыз өктім, бүгін сол өнімдерді халық алдына әкеліп отырмын. Шүкір, сауда бар, өнімге сұраныс жоғары. Ең бастысы, қауын-қарбызым тұтынушыларға ұнап жатыр. Әрине мандай термен, ешқандай қосымша қоспасыз егілген өнімнің тәтті

болары анық. Жасыратыны жоқ, биыл шаруалар үшін қиындау болды, өйткені аптап ыстықта аяқ су тапшылығына тап болдық. Десе де қиындыққа берілмедік, Жер ана да бізді ренжітпей, осындай керемет өнім берді. Міне, енді сол қауын-қарбызды сіздермен бөлісуге келіп қалдық, – дейді шаруа адамы Нұрбол Қасым.

Молшылық мерекесі осылайша көтеріңкі көңіл-күймен өте шықты. Ең бастысы, тұтынушы да, сатушы да дән риза. Менің түсінгенім мұндай жәрмеңкелер азық-түлік бағасын тұрақтандыруға үлес қосса, бір жағынан жаз бойы еңбек еткен шаруаларға да серпін берген секілді. Өз өнімін тұрғындардың таласып-тармасып, саудалап жатқанын көрген шаруа адамы, келесі жылы бұдан да артық еңбек етуге талпынады деп ойлаймын. Сондықтан осындай жәрмеңкелерді жиі ұйымдастыру өңір тұрғындарының әлеуеті үшін үлкен демеу болары хақ. Иә, алдағы демалыс күндері де көзекті жәрмеңке өткізу жоспарлануда...

Жандос ЖАЗКЕН



## Тағзым



# Ер еңбегі еленген күн

**Нұржан Елемесұлы ел басына күн туған қиын заманда халықтың бірлігін жоғалтпай, еңбекпен шыңдалып, елінің дамуына, өркендеуіне үлес қосты. Туған жерінің тарихында өз қолтаңбасын қалдырды. Еңбек жолында бірнеше колхоздың төрағасы, ауылдық кеңес төрағасы, ферма меңгерушісі сынды қызметтерді абыроймен атқарды. Еңбек ардагерінің ел үшін еткен еңбегі мен ерен ерлігін елі ұмытқан емес. Мәдениеттіктер үшін «Нұржан ата» атындағы саябақ пен елдің өткені мен бүгінгі тарихынан сыр шертетін музей пайдалануға берілді.**

Игі шарада Нұржан Елемесұлының еңегі өмір жолына тоқталған аудан әкімінің орынбасары Ғани Кенжеғараұлы шараның маңыздылығын атап өтті.

– Қашанда өткенге көз жүгіртіп, сол замандардағы еңбегі ерен ерлерін, тарихи тұлғалар мен елге пана болған біртуар азаматтарын құрметтеген халықпыз. Соның дәлелі, бүгін Мәдениет ауылында игі істің куәсі болып отырмыз. Бұл саябақ та, ауылдың тарихы мен мол мұрасы орын алған қоғамдық негіздегі музей де ел игілігі үшін екені белгілі, – деді ол.

Мұнан соң аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев, Нұржан Елемесұлының ұрпағы Әбзей Нұржанұлы тұл және еңбек ардагерінің өз заманындағы азаматтық істерін айтып, кейінгі ұрпаққа үлгі етті. Қазақстан Журналистер және Жазушылар одағының мүшесі Бейбітбек Бүркітбаев еңбек ардагеріне арнаған өлең жолдарын оқып, шараның маңыздылығын арттыра түсті.

Н.Елемесов 1905 жылы Сырдария губерниясы Ақмешіт уезі «Қарақөл-Қостам» болысында туған. Еңбек жолын өткен ғасырдың 20 жылдарының басында «Қарақөл-Қостам» болысы Талдыбаев Жолшараның «поштабай» ша-

барманы болудан бастаған. 1933-1936 жылдары 1 май ауылдық кеңесіне қарасты «Қара ой» қолхозының төрағасы, 1936-1940 жылдары 1 май ауылдық кеңесінің, 1940-1944 жылдары осы ауылдық кеңеске қарасты «Қызыл жұлдыз» қолхозының, 1944-1946 жылдары Мәдениет ауылдық кеңесіне қарасты Қазақстанның XX жылдығы атындағы колхоздың, 1946-1947 жылдары 1 мамыр ауылдық кеңесіне қарасты «Қызыл жұлдыз» қолхозының, 1947-1950 жылдары Мәдениет ауылдық кеңесіне қарасты «Бірлік» қолхозының төрағасы қызметтерін атқарған. 1950 жылы колхоздар ірілендірілгеннен кейін Жамбыл атындағы колхозда мүйізді ірі қара фермасының меңгерушісі болды. Ол өте халықшыл қайырымды да адал елжұртына беделі өте жоғары болған.

Кешегі отызыншы, қырықыншы, елуінші жылдары ел басына күн туған ашаршылық, репрессия, Ұлы Отан соғысы және халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңдерінде колхоз басқарып, жұмыс жүргізу оңай болмады. Бұл кезде артель колхоздар құрылып, ел енді есін жия бастаған еді. Техника келе қоймаған, егін егу, мал азығын дайындау жұмыстары қол күшімен атқарылатын. Осындай қиын сәтте

тығырықтан шығар жол тапты. Өзінің іскер, еңбекқорлығының арқасында халықты игілікті іске ұйымдастыра білді. Мемлекет мүддесі мен халықтың жағдайына бірдей қарап, жұмыс жүргізді. Әрбір істің ақ-қарасын ашық айтып, әділдікті ұстады. Канал қаздырып, егін өктірді. Ол басқарған колхоздарда мал басы көбейіп, халық тойынды.

Ел басқарып, жұртына еңбегі сіңген Н.Елемесовтың зиялы қауыммен өнер адамдарымен, дін өкілдерімен жақсы қарым-қатынаста болғаны ел арасында жиі айтылады. Сыр сұлей Жиенбайдың баласы Рүстембек жыраумен құрдас дос ретінде жақсы сөйлескен. Ақын-жыраулар Әбілда Жүргенбаев, Балқашбай Жүсіповтермен сөйлесіп, тығыз қарым-қатынаста болған. Күміс көміз Көшенейді де ауылға арнайы шақырып, жыр-терме айтқызып. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Асқар Тоқмағанбетов екеуі Жаңақорған, Сарыағаш шипажайларында бірге демалып, кейін құрдас ретінде сөйлескен болған екен.

Ол халқымен бірге болып, тұрмысы төмендерге қолдау көрсетті. Екі сөзінің бірінде «мандай термен егілген ел ризығы мемлекетке де жетеді, халыққа да жетеді» дейді екен. Соны

көрәлмаушылар сыртынан тас атып, домалақ арыз жазды. 1933 жылғы ашаршылық кезінде аштарға таратқан астықты байышылдарға берді деп арыз жазылып, бір жарым жылға сотталған. Бірақ аққа қара жұқпайды, 15 күннен кейін ақталып шығады.

Ауылдық кеңес пен бес колхозға төраға болған Н.Елемесов жұбайы Сыздықова Мәми екеуі 4 ұл, 1 қыз өсіріп, тәлімді тәрбие берді. Немере-шөбере сүйді. Балалары мен бауырларының келешегін ойлап, қамқор аға, әке болды. Бөрінің оқып, білім алуына ықпал етті. Ақылман би ағамыз ұрпақтарын адамгершілікке, адал еңбек етуге тәрбиелеп, бағыт-бағдар беріп отырды. Бүгінде мәуелі бәйтеректей өсіп-өнген Нұржановтар әулетінің тәрбиесін, тұрмыс-тіршілігін үлгі-өнеге етуге болады.

Тыл және еңбек ардагері Н.Елемесовтың көп жыл елді ұжымдастыру, халық шаруашылығын қалпына келтіру жолындағы қажырлы еңбегі ескеруісіз емес. Атап айтсақ, «Қазақстанға – 15 жыл», «ОСОАВИАХИМ белсендісі», «Коммунистік еңбектің өкпіндісі» төсбелгілерімен, «Еңбекте үздік шыққаны үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезінде тылдағы қажырлы еңбегі үшін», «В.И.Лениннің 100 жылдығы», «Еңбек ардагері», Бүкілодақтық халық шаруашылығының жетістіктері көрсемінің күміс медалдарымен марапатталған. Сонымен қатар «Ауыл шаруашылығындағы белсенді жұмысы үшін» деп Қазақ КСР-нің «Құрмет» грамотасына да ие болған.

Ерлан ӘНУАРҰЛЫ

## Қабылдау

**Тоғызқұмалақ – қазақтың теңдесі жоқ көнеден мұра болып қалған, озық ой мен ұшқырлықты қатты талап ететін интелектуалды ойын түрі. Аудан әкімі Асқарбек Есжанов ауданның спорт саласының дамуына елеулі үлес қосып жүрген «Наркескен» спорт клубының «Тоғызқұмалақ» үйірмесінің жаттықтырушысы, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, жақында Моңғолия Республикасы Баян-Өлгей қаласында тоғызқұмалақтан өткен VI Азия чемпионатының алтын жүлде иегері Ақерке Кенжебекованы қабылдады.**

## Топ жарған ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚШЫ



Шараға аудан басшысы Асқарбек Есжанов пен аудандық мәслихат төрағасы Әмірзақ Елеусінов сынды бірқатар ел ағалары қатысты.

– Ұлттық спортымызды жандандырып, ұшқыр ой, қажырлы қабілетіңіздің арқасында бүгінде халықаралық дәрежедегі спорт шебері атандыңыз. Біз сізді мақтан тұтамыз, аудан жұртшылығы атынан ризашылығымызды білдіреміз. Сіздің жеңісіңіз – тек қана біздің аудан жетістігі ғана емес, қазақ елінің жеңісі. Алдағы додаларда табандылық, жоғары спорттық шеберлік және қажымас қайрат танытып, елімізді халықаралық жарыстарда лайықты көрсетеді деп сенім білдіреміз, – деді аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлы.

Бұған дейін де Ақерке бірнеше рет байрақты бәсекеде бой көрсетіп, жеңіс тұғырынан көрінген. Ол 2011 жылы 10 жасында жасөспірімдер арасында Қостанай облысында өткен ел чемпионатында Қазақстан республикасының чемпионы атанған. Кейін жастар және ересектер арасында ҚР чемпионы атағын иеленген.

2016 жылы Ресей Федерациясының Алтай республикасында тоғызқұмалақтан өткен жастар арасындағы Азия чемпионатының II орын иегері, 2017 жылы Астана қаласында өткен ересектер арасында IV Әлем чемпионатының қола жүлдегері, 2018 жылы Моңғолия республикасында өткен ересектер арасында IV Азия чемпионатының алтын жүлде иегері атанған. Сондай-ақ Ақерке 4-12 тамыз аралығында Моңғолия республикасы, Баян-Өлгей қаласында 9 елден 200-ден астам спортшы қатысқан тоғызқұмалақтан өткен VI Азия чемпионатының алтын жүлде иегері атанып, еліміздің мерейін асқақтатқан болатын.

Кешегі Ақерке Румыния мемлекетінің Констанца қаласында 31 тамыз бен 4 қыркүйек аралығында ересектер арасында өткен әлем кубогында тоғызқұмалақ спортының рапид түрін еліміздің намысын қорғап, жүлделі II орынды иеленді.

Кездесу барысында аудандық мәслихат төрағасы Әмірзақ Елеусінов те Ақерке Батырбекқызын жеңісімен құттықтап, өлі тайай спорттық бәсекеде ел намысын абыройын билікке көтеретініне сенім білдірді.

Өз кезегінде Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Ақерке Батырбекқызы спортшы үшін ең үлкен күш өзіне сенім білдірген жандардың қолдауы екенін айтты. Тілеулес болған жерлестеріне ризашылығын білдіріп, алдағы уақытта бұдан да зор жетістіктерге ұмтылатынын жеткізді. Әр жарыста туған жердің атын, мемлекеттің аңғұранын әлем алдында шырқату басты мақсаты екенін жеткізіп, алдағы сайыста артылған сенімнің ақталуына бар күш-жігерін салатынын айтты.


2022 жылдан бастап «Наркескен» спорт клубы жанынан «Тоғызқұмалақ» үйірмесі ашылып, жұмысын бастаған болатын. Қазіргі таңда үйірме құрамында 20 шәкірт тәрбиеленуде. 4 мың жылдан астам тарихы бар бұл спорт түрін аудан спортшылары халықаралық, республикалық ірі додаларда жүлдесіз оралған емес.

Қазіргі таңда ауданда тоғызқұмалақ спортынан 1 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 1 спорт шебері және 40-қа жуық спорт шеберлігіне үміткер бар.

Шара соңында Ақерке Батырбекқызы мен жаттықтырушысы Асхат Маратұлына арнайы аудан әкімінің алғыс хаты мен 100 мың теңгенің сертификатын табысталады.

Тоғызқұмалақ – ақыл-ойдың ұшқырлығын талап ететін ең күрделі ұлттық ойын түрлерінің бірі. Бүгінде дүбірлі додаларда топ жарып, еліміздің көк байрағын көкке көтеріп жүрген тоғызқұмалақшы қызымыз жеңіс тұғырынан көріне берсін демекпіз.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ



## Жоба

# Білімді жастарға жол ашылмақ

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері агенттігі негізгі міндеттерді жүзеге асыру мақсатында адамдарға бағдарламалардың сервистік мемлекеттік аппарат қалыптастыру, демократия қағидатын ілгерілету және мемлекеттік қызмет саласының одан әрі дамытуға бағытталған тиісті жұмыстарды үздіксіз атқарып келеді. Сонымен қатар мемлекеттік органдарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормасының сақталуын, мемлекеттік қызмет көрсету сапасына бақылауды жүзеге асыру жүктелген уәкілетті орган.**



Жоғарыда аталған ауқымды міндеттер кешені аясында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, пікір алмасу мақсатында Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істер агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департамент басшысы, әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Ерлген Мәндалиев ауданға іс-сапармен келіп, мемлекеттік қызметшілермен жолықты. Кеңеске кент, ауылдық округ әкімдері, дербес бөлім басшылары, республикалық және облыстық мемлекеттік органдардың бөлімше басшылары мен БАҚ өкілдері қатысты.

Жиын барысында аудан әкімінің міндетін атқарушы Арнұр Нұрмағанбетов жалпы мемлекеттік қызметшілердің кадр құрамының жай-күйіне қысқаша тоқталды. – Бүгінгі таңда аудандағы 24 мемлекеттік органда 127 мемлекеттік қызметшінің штаттық бірлігі бар. Бүгінде 124 мемлекеттік қызметші нақты жұмыс

жасайтын болса, 3 бос лауазым қалыптасып отыр. Атап өтетін жайт, осы жылдың қаңтар айында аудан әкімдігінің құрылымы оңтайландырылып, оған дейін 12 мемлекеттік орган жұмыс жасайтын болса, 6 орган 3 орынға біріктіріліп жалпы 8 дербес бөлім қалыптасып отыр. Жыл басынан бері конкурс нәтижесімен 25 азамат жаңа қызметке тағайындалды. Оның ішінде 11 мемлекеттік қызметші жоғары лауазымдарға тағайындалып отыр, – деді аудан әкімінің орынбасары Арнұр Әлібекұлы.

– Біздің басты мақсатымыз – мемлекеттік қызметшілермен кездесу, болып жатқан заңдардағы өзгерістерді түсіндіру. Болашақта қандай жобалар жүзеге аса-

тыны жөнінде ақпаратты кеңінен тарқату. Осы жылдың қыркүйек айында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Президенттік жастар кадр резервіне іріктеудің 3 кезеңі басталады. Азаматтарды іріктеу 6 кезеңнен тұрады. Сондай-ақ Президенттік жастар кадр резервіне 35 жасқа дейінгі жастарымыз, жоғары білімді, тек қана мемлекеттік қызметші емес, кез келген салада жұмыс өтілі бес жылдан кем емес және мемлекеттік тілді еркін меңгерген ҚР азаматтары қатыса алады.

Президенттік жастар кадр резервіне қатысу үшін кандидаттар 1-30 қыркүйек аралығында pkrgezev.gov.kz арнайы сайтта құжаттарын тіркей алады. Одан кейін мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті бағаланады. Үшінші кезеңде үміткерлердің таңдаған салалық бағыттарына байланысты ситуациялық тапсырмалар беріліп, олардың көзқарасын бағалауға бағытталады. Төртінші кезең құзыреттерді бағалау кезеңі деп аталады. Бесінші кезеңде азаматтар арнайы құрылған сарапшылық комиссиясында пікір алмасады. Ал соңғы кезеңде Ұлттық комиссияның отырысы өтіп, Президенттік жастар кадр резервіне үздік 50 кандидат қабылданады. Бұл жиын осы жылдың 25 желтоқсанына дейін өткізіледі деп жоспарланады. Ерекше атап өтетін жайт, резервтегі адамдар заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік саяси лауазымдарға, «А» корпусының лауазымдарына, «Б» корпусының басшылық лауазымдарына тағайындалуы мүмкін. Сондай-ақ резервте болу мерзімі 3 жылды

құрайды, – деді Ерлген Жәрдемұлы.

Кездесу барысында Қызылорда облысында мемлекеттік қызмет және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнама талаптарының сақталуын жай-күйі туралы айтылып, департамент басшысы мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру бойынша бірнеше нақты ұсыныстарын білдіріп, пайымды пікірлерін ортаға салды. Сондай-ақ аудан бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет сапасының деңгейі жоғары екенін жеткізіп, сала мамандарының жүйелі жұмысын атап өтті.

Мұнан кейін Ерлген Жәрдемұлы ауданның белсенді жастарымен кездесті. Кездесу барысында жастарға Президенттік жастар кадрлық резерв жобасы бойынша түсіндіріп, жобаның тиімділігі мен қатысу барысындағы негізгі шараларын айтты.

Айта кетейік, Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған тұлғалар Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясында және оның филиалдарында одан әрі кәсіби және тұлғалық даму үшін оқыту курстары мен тренингтерден өту мүмкіндігіне ие болады. Бұдан бөлек департамент басшысы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Жалағаш ауданы бойынша филиалының жұмысымен танысып, азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ



Тарих

# Байқадам батыр

Жалағаш жеріндегі ел қорғаған ердің бірі, қаһармандығымен ел есінде қалған Байқадам батыр. Қай елдің тарихында болмасын көрнекті ірі тұлғалар сол елдің тарихындағы аумалы-төкпелі кезеңдерде, сын сағаттар мен қиын-қыстау күндерде өзінің халық алдындағы тарихи міндетін абыроймен орындап, есімін келешек ұрпаққа үлгі-өнеге етіп қалдырады. Қазақ елінің соңғы бес ғасырлық тарихында тарихи тұлғалардың ең көп көрінген, ең көп байқалған кезеңіне XVIII бөлім XIX ғасырлар жатады.

Жалағаш ауданындағы өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Қанат Жапақов: «XVIII ғасырда өмір сүрген тұлғалардың басты міндеті – қазақ жерінің тұтастығы мен елінің азаттығы үшін жоңғар, қалмақ, жайық қазақтары, башқұрттар секілді жаулармен күресті ұйымдастыру және оған басшылық жасау болса, XIX ғасырдағы тұлғалардың негізгі міндеті – орыс, хиуа, қоқан басқыншыларының отаршылдық экспансиясына қарсы ұлт-азаттық күресті ұйымдастырып, оған жетекшілік ету болды. Міне, осынаша сыртқы жауларға төтеп беруде хан-сұлтандармен бірге қазақ қоғамындағы беделді өлеуметтік топтың бірі – батырлар да үлкен роль атқарды. Олар өмір бойы әскери кәсіппен айналысып, жерің елін сыртқы жаулардан қорғады», – дейді. Осынау жинаққа музей қызметкері Қанат Жапақовтың Байқадам батыр жайында жазған мақаласын беріп отырмыз.

Ел тәуелсіздігіне зор қауіп төндірген жоңғарлар мен қалмақтарға қарсы соғыста Келте тоңды Келмембет, Тойқожа, Сәрке мен Бәйтен батырлардың бүкіл ғұмыры шайқаспен өтсе, Байқадам, Бұқарбай, Тоғанас, Сейіл, Қабан мен Мөңгі батырлар орыс патшалығының Орта Азия мен Қазақстандағы отаршылдық экспансиясына қарсы ашық түрде қарсылық көрсеткен қазақтың ақырғы батырлары еді. Әкінішке орай, қазіргі таңда аудан тарихынан ойып тұрып орын алатын қаншама тарихи тұлғалардың өмірі мен тағдыры зерттеу назарынан тыс қалып, көмескі күйінде қалып отыр. Оған сол баяғы жазбаша деректердің жеткіліксіздігі мен қолда бар құжаттардың өзі тиянақты жүйеленбей, ғылыми айналымға толық енгізілмей себепші болса керек. Соның салдарынан, біз әлі күнге дейін қазақ елінің тәуелсіздігі мен азаттығы үшін қан майданда күресіп, жанын құрбан еткен бірқатар батырларымыздың толық танып, біле алмай келеміз.

Осындай тұлғалардың қатарына атақты Сәрке батырдың немересі Байқадам батырды жатқызуға болады. Байқадам Ағайдарұлы 1791/1792 жылдар шамасында қазіргі Жалағаш ауданының төңірегінде дүниеге келіп, 1850 жылдың қыркүйек айында Қарақұмдағы Ақши деген жерде қаза табады. Шыққан тегі – Жетірудың ішіндегі Шемішті Табын аталығы. Оның ішінде Әмірқұл Әмірқұлдан Сәрке болып тарайды. Сәрке батырдан – Қойгелді, Бегайдар, Ағайдар туады. Ағайдардан – Байқадам, Татан, Бостыбай, Қопақ болып тарқайлады.

Байқадам батырдың есімі Орынбор шекаралық комиссиясының құжаттарында Сыр өңірінің сол кездегі белгілі тұлғаларымен қатар айтылады. Себебі, заманында Байқадам батыр әділдігімен, батырлығы мен ержүректілігімен бүкіл Сыр өңіріне мәлім болған тұлға болатын. Ел аузында ол кісі туралы ауызша деректер мен аңыз-әңгімелер көптеп кездеседі.

Бүкіл Сыр бойы Табындарының тізгіні қолында ұстаған Байқадам батыр сол уақытта қалыптасқан саяси-өлеуметтік жағдайларға байланысты елінің мүддесі үшін бірде хиуалықтардың жағында қоқандықтармен соғысса, тағы бірде орыстармен одақтасып, қоқан және хиуа басқыншыларына қарсы ашық шайқасқа шықты.

XIX ғасырдың I жартысында Сыр бойында қалыптасқан саяси-өлеуметтік ахуалға қысқаша шолу жасасақ, XIX ғасырдың алғашқы он жылдығында Сыр өңірі Қоқан, Хиуа хандығы секілді екі бірдей ортаазиялық феодалдық мемлекеттердің талауына түсті. Олардың ішінде әсіресе, Сыр өңірінің халқына Қоқан хандығының тізесі айрықша батты. Қоқан билеушілері Ұлы жүз жерінің батыс бөлігіне (Ұзынағашқа дейін), Талас алқабына, Орта жүздің Ташкент пен Арыс өзені аралығы мен Түркістан маңындағы жерлерге кеңіші жүздің Сыр бойы (Қазалыға дейінгі аралық) қазақтарына жеріне қасыра жауып саяси үстемдік жүргізді. Сырдарияның оң жағасындағы Орта Азия мен Ресей империясын байланыстыратын көру жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз деген сыйлаумен қоқандықтар Созақ, Жаңақорған, Жөлек, Ақмешіт, Күмісқорған, Шымқорған, Қосқорған секілді қамал-бекіністерін салдырды. Аталған бекіністердің басым көпшілігі Сырдария мен Қараөзектің аралығындағы ерекше шекаралық аймақты құрап, көшпелі қазақтардың жайлауы мен қыстауларының арасын үзіп, жолдарын бөгеді. Осы аймақта көшіп-қонып жүрген қазақтың ру-тайпалары осы бекіністердің жіті бақылауына алынды. Қоқан бектері ондаған жылдар бойы осы бекіністерді пайдаланып Сыр өңірінің қазақтарын егзиде ұстап, түрлі алым-салықтармен мал-жанға қиянат жасады. Мұндай азарға шыдамаған жергілікті қазақтар Байқадам батырдың басшылығымен қоқандықтардың бекіністеріне дүркін-дүркін шабуыл жасап, басқыншыларды тәубасына келтіріп отырған. Мысалы, 1830 жылы Байқадам мен Мысық би басқарған табындардың жасағы Күмісқорған бекінісін басып алды, қоқандықтарды Сыр бойынан үдіре қуады. Тағы бір шайқаста Байқадамның сарбаздары қоқандықтардың Қарауылбек, Сарымерген, Ораз папудан деген батырлары басқарған жасағын тас-талқан етіп жеңеді. Осы шайқаста Байқадам Қарауылбекті жеңіп-жеңіп аяқтама нәзіммен түйреп өлтіреді.

Елдің айтуынша, Байқадам сәуегейлігі бар болжампаз кісі болған және өле-өлгенше өзінің ізнен өрген батыр інісі

Бұқарбайды ерекше жақсы көріп, құрмет тұтқан. Бұқарбай батырдың жас күнінде ат құлағында ойнайтын шабандоздың, найзагерлігің қысылтаяң саттерден оңай жол тауып кететін тапқырлығың, ержүректілігің байқаған Байқадам батыр «Мынау тірі болса, болайын деп тұрған бала екен, енді мұны әскери өнерге баулиық» деп оны өзінің жасағына қосып алады. «Сәрке атаңның жолын берсін!» деп ағынан жарылып, ақ батасын береді. Ағасының тілегі қабыл болып, Бұқарбай бабамыз бертін келе күллі қазақтың жоғын жоқтайтын хас батыр болып қалыптасады.

Байқадам батыр жас шағында бүкіл Сыр өңіріне белгілі ыдық Керейт руының атақты байы Қыстаудың Қаракесектегі Қарабесбай деген батырына атастырып қойған Саржелек есімді сұлу қызын тартып өкпетіп, екі рулы елдің арасында үлкен дау-жанжал туады. Ақырында, екі жақ шайқас даласында көздеспекші болып уағдаласады. Бұқарбай батыр жас болғандықтан, Байқадам батыр қолбасшылыққа өзінің түбегі Шірен батырды тағайындап тұрып «Шіренді бір Құдайға, Бұқарбайды Шіренге тапсырып, Сынарлар кезіп келді, Бұқарбай! Иә, Құдай, бар болсаң, Қарабесбай мен Бұқарбайды намаздығыр-намазшамда жолықтыра ғер!» деп Құдайдан тілек тілейді. Батырдың сол тілегі қабыл болып, Бұқарбай батыр жеңіп-жеңіп аяқтама нәзіммен Қарабесбайды жер жастандырады. Бұқарбайдың найзагерлігіне сүйсінген Байқадам «Өзімің көш тұрып, алдыма шығатын болдың-ау...» деген сөз қалдырса керек.

Халық арасында Байқадам батыр айтты деген мынадай әңгіме сақталған. Ол кісі үнемі «Астымда Ақтабаданды сөйгілігім болса, Бостыбайдай жолсерігім болса, жүз қаралы жау көп те емес, аз да емес» деп айтты отырады екен.

Байқадам батыр 1835 жылы Қоқан мен Хиуа хандықтарын бөліп тұрған Сырдария өзенінің үстінен көпір салып, әрлі-берлі өткен жүргіншілерден азын-аулақ жолақы алып отырған. Қоқандықтар лауазымды бір адамын жіберіп, Байқадамнан әлгі ақының бір бөлігін беруді талап етеді. Бұл талапқа көнбеген Байқадам көпір маңында болған шайқаста қоқандықтардың 6-7 адамын өлтіріп, бастарын кесіп, тарту ретінде хиуалықтарға жібереді.

Бұл оқиға жайлы Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовский 1837 жылдың 1-маусымында Ресей империясының Сыртқы Істер Министрілігі Азия департаментінің директоры К.Родофиникинге жолдаған хатында: «...Чумышлы-Табынский старшина Байқадам построил в 1835 году между предельами Хивы и Коканда мост через Сыр и собирает небольшою пошлину с проходящих. Кокандцы выслали чиновника с требованием, чтобы Байқадам поделился сбором; вышла ссора и драка, в которой Байқадам убил 6 или 7 кокандцев и представил головы их хивинцам...» – деп жазады.

Ерте көктем шыға береді кештің басын Арқа мен Торғай жаққа тұратын Сыр бойы қазақтарының мал-мүлкің ағысы қатты Қараөзек өзенінен өткізу мақсатында Байқадам батыр Қараөзектің үстінен де де көпір салдырып, ел-жұрттың ыстық ықыласына бөленеді. Қазақтардан алым-салық алып өден дөңінен қоқандықтар бұл көпірден де пайда табуды ойластырып, Байқадамға кісі шаптырып, қоқан-поқы жасайды. Ақырында, олардың Өгіз деген бір қарақшысы көпірді күзетіп отырған Оразбай атты қазақты өзінің етіп таяққа жығып кетеді. Өлігінің ізіне түсіп, қуып жеткен Байқадам батыр қарақшыны сойылмен бір-ақ ұрып, жайратып тастайды. Бұдан соң қоқандықтар бұл жаққа қарай жоламай кетеді.

Ел аузында сақталған аңыз бойынша, Кеңесары хан Байқадамды «көтерілсең қарсылық білдірдің өрі әскерге адам бермедің» деп жазаламақшы болады. Сонда Тама руының биі Әмірбай шешен хан ордасына кіріп келіп «Мен Таманың биі Әмірбаймын, сөзге шешен әділдігің байым. Жақсы адам жалынса – барлық күнәсің кешеді, болатын тасқа салсаң – кеседі. Кіші жүздің ішінде Жетіру деген еліміз, батырды босат, болмаса тұрысатын жеріңді айт», – депті. Содан амалы таусылған Кеңесары хан алдына Байқадамды алдырып «халың қалай, батырым», – дегенде, Байқадам батыр «Әкең Қасымды қоқандықтар өлтіргенде қасында ешбір қазақ баласы жоқ еді, өкенің қаны үшін мен Қоқанды үш рет шауып өдім, сол еңбегім бүгін қайтты ғой», – депті. Байқадам батырдың ұтымды әрі тауып айтқан сөзіне тоқтаған Кеңесары хан батырға сый-сияпат көрсетіп, татуласқан көрінеді.

Аудандық музей қорындағы Орынбор мұрағатынан алынған бір деректе орыс үкіметінің 1842 жылдың 26 тамыз (8 қыркүйек) күні Алшын болыстығы, Табын руының Есенбай бөлімшесі, Сәрке атаулының биі Байқадам Сарқиннің ауылына жүргізген санақта Байқадам батырдың отбасында барлығы 22 адам тұратындығы (14 еркек, 8 әйел), өзінің 24 мүйізді ірі қара малы және 720 қойы бар екендігі анықталып, тізімделген.

Байқадам батырдың Сыр өңіріне аяқ басқан орыс әскерлерін жергілікті қазақтарды қоқандықтардың езгісінен құтқарушы күш ретінде қабылдағанын мұрағат деректері де айғақтайды. Мысалы, 1844 жылдың 4 маусым күні Кеңесары адамдарының «Байқадам Кеңесары жағында екен» деп әдейі таратқан жалған сыбысына сенген әскери старшина Лебедевтың жазалаушы әскер-



лері Қарақұмда көшіп-қонып жүрген Байқадамның ауылын шауып, тонады. Артында, осы өрескел әрекеті үшін Лебедев Орынбор шекара комиссиясының шешімімен қызметінен босап, ісі әскери сотқа беріледі. Байқадам батырдың ауылынан тоналған барлық мал-мүліктер мен заттар иелеріне қайта таратылып беріледі. Осы оқиғаның өзі Байқадамның орыс патшалығы алдындағы абырой-беделін айғақтай түседі.

1844 жылы Байқадам батыр Орынбор қаласына барып, Орынбор шекара комиссиясының алдында бұдан былай бейбіт өмір сүретінін айтты, Ресейге адал болуға ант қабылдайды да 1846 жылы Қоқанның иелігіне қарай көшіп кетеді. 1849 жылдың аяғында орыс иелігінің жеріне қайта көшіп келген Байқадам мен Бұқарбай батырлардың Орынбор генерал-губернаторы Обручевтен Елек өзенінің бойы мен Қарақұмның Шурайлы жерлерінен Табынның 200 шақырағына жайлы қоныс сұрап алып, бейбіт өмір сүрмеке болған ойларын кенеттен Жанқожа батырдың баласы Итжемес пен інісі Жауғашар бұзады. 1850 жылдың 7-ші қыркүйек күні (ескі стиль бойынша) Қарақұмдағы «Ақши» деген жерде Байқадам ауылын таң қыла бері тұтқиылдан жау шауып, Байқадам батыр қапылыста қаза табады. Сөйтіп, іргелес жатқан Табын мен Әлім-Шөмен тайпаларының арасы шиеленісе түседі. Мұрағат деректеріне жүгінесек, осы қайғы оқиға жайлы Орынбор шекаралық комиссиясының шешуінкітері жоғары жаққа жазған ақпараттарында: «Батыр Байқадам Ағайдаров... в 1846 году уководил в пределы Кокандского владения, и до 1849 года о Байқадаме не было слуха, и в том же году, впоследствии полученного от бия этого письма, что он, по ограблении его кокандцами, приковал к Уральскому укреплению и желал бы навсегда там остаться. Генерал от инфантерии Обручев приказал назначить Байқадаму место для коचेвок с обязательством постоянно жить в степи, и исполнять все требования начальства, однако, в начале же 1850 года... Байқадам с приерженцами подкочевал на урочище Уч-Узек в Каракумах и тут в схватке с враждебными ему Кичкене-Чиклинцами погиб, осыною того же года...» – деп хабарлайды.

Бұқарбай мен Сейіл батырлар бұл оқиғаны: «...мы с 1850 года, условясь с батырем Байқадамом с 200 кибитками нашими откочевали из Кокандского княства с целью сделаться верноподданными России и когда прибыли в Каракумы к урочищу Ақ-Чини... то сын батыра Джан-Ходжи Нурмухаммедова Ить-Джимес и брат его Утагар с 500 человеками Алимовец оградил нас, убили батыра Байқадама и много других наших людей, угнали скот и увезли наше имущество...» – деп баяндайды.

Байқадам батырды ел-жұрт болып арулап, Қорқыт қорымындағы атасы Сөркенің қасына апарып жерлейді. Артында, батырдың жетілігі өткізгеннен кейін екі таңбалы Табын елі түгел атқа қонып шектілерден Байқадамның кегін алуға аттанады. Бұны біз төмендеп орыс шекара қызметі басшыларының жоғары инстанцияларға жазған мәліметінен аңғарамыз: «... В ночь на 25 сентября того же года новая шайка, в 400 человек, под начальством батыра Бухарбая, брата Байқадама, убитого чиклинцами, разграбила последних на Казалы и на урочище Арык-Балык, убила 11 человек и угнала 1,5 тыс. лошадей, верблюдов и коров и до 21 тыс. баранов...».

Қоқандықтардың Ақмешіт бекінісінің бастығы Якуб-бек Райым (Арал) бекінісінің бастығына жолдаған хатында Байқадам батырды өлтіріп, екіжақты шапқыншылықты бірінші болып бастаған Шекті тайпасын кінәлап, қоқандықтардың бұл оқиғаға ешқандай да қатысы жоқтығын жазады: «...Сперва грех пошел от ваших шектинских казаков, которые пришли в наше владение, разграбили мирных наших казаков, угнали скот и увезли имущество, убив при этом батыра Байқадама, известного четьрем владениям: русскому, бухарскому, хивинскому и кокандскому. Как человек благонамеренный, не вытерпев таких неприянных проступков, батыр Бухарбай из среды семейства батыра

Байқадама, вооружаясь отправился к шектинцам, взял их скот, имущество и жестоко наказал их...». (Материалы по описанию Оренбургского казачьего войска.

Сөйтіп, бұл оқиғаның арты Табын мен Әлім тайпалары арасындағы 3-4 жылға созылған үлкен тайпааралық қақтығысқа ұласады.

Бұл жерде Итжемес, Жауғашар, Байқадам мен Бұқарбай батырларға баға бергенде оларға бүгінгі көзбен қарап, «сол заманда өмір сүрген адамдар неге демократ болмаған, неге мейірімді болмаған» деп сөкпей, өз заманының көзқарасымен баға беру керек санайлы. Ал Байқадам батырлар өмір сүрген заман қандай заман еді? Ол заман жергілікті тайпалардың бір-бірімен қырық пышақ болып қырылысып, қайсысы күшті болса соның сөзі өтіп, дәурені тұрып тұрған заман болатын. Ол заман бұрынғы айрандай ұйғыған қазақтың басынан бақ-береке қауып, «Балапан басына, тұрымтай тұсына» тарайтын заман еді. Ол жылдар ел ішінде әлі де тыныштық орнамай, екі жақты шапқыншылық пен барымта, жер дауы мен жесір дауы секілді руаралық және тайпааралық қақтығыстардың ұшығып тұрған уақыты болатын. Сол заманда-ақ қазақтар Еуропаның бірнеше мемлекеттері қосылып, емін-еркін сиып кететін кең далаға сымспай отырса керек. Мал-жан сипанмен сол бағыя көңіл шіркін сыймайды. Сөйтіп, әуелден қоныслас, төсекте басы, төсекте малы қосылған ағайынның бір-бірімен шексіз қалған кездері де аз болмаған санайлы. Сондықтан да жоғарыда аталған тұлғалар өз заманының перзенті болғандықтан солай істеуге мәжбүр болды десек, ақылға сыйымдылау.

Ал енді Байқадам батырдан тараған ұрпақтарға келетін болсақ, бабамыз үш әйел алған екен Бейбітсіз Аргын ішіндегі Тобықты руының Қозған есімді биінің қызы болған Одан Сейіл мен Тобабағыл (Тобан) есімді ұлдар туады. Екеуі де жарақты азамат болып өседі. Осы күнге дейін Нұраның бойында «Тобабағыл белгісі» деген жер атауы сақталған. Байқадамның үлкен баласы Сейіл батырлығымен әрі даналығымен аты шығып, 18 жыл бойы Перовск уезі, Байзақ болыстығының болысы қызметін атқарған. Ол кісі 1902 жылы 75 жасында қайтыс болғаннан кейін мүрдесін Қорқыт қорымындағы өкесінің қасына жерлеген. Сейілдің бел баласы Бекқұлы кеңес үкіметі тұсында Ақмешіт (Қызылорда) уездік сотының төрағасы қызметін атқарған.

Байқадамның екінші әйелінен Аман мен Байтоғай деген ұлдар тарайды. Екеуі де елге өлеулі, халқына қалаулы азамат болып өржетіп, ұездік қызмет етеді. Байқадамның үшінші әйелі Керейттің Қыстау деген байының Саржелек есімді қызы болған Одан Ақсақал мен Байсақал есімді балалар туады. Ақсақал бабамыздың өз кіндігінен ұрпақ болмаған. Байсақал бабамыз 3 әйел алғанға ұқсайды. Бірінші әйелінен Дәурен мен Қорған, екінші әйелінен Бекнияз, үшінші әйелінен Раушанбек және Тәліп туады. Бекнияздан табиғаты ерекше қасиетті кісі болған Беркінбай көпте тауады.

«...Байқадам мен Бұқарбай, Қабан, Сейіл, Елқонды, Айта берсең тағы бар, Айтолпап олар ат қойса, Тас қамалың да алынар. Айтып-айтпай не керек, Тұлымды ұлдар тудырған Табындардың бағы бар...» – деп заманында қармақшылық ақын Шегебай Бектасұлы Байқадам бастаған бір топ батырларды жырга қосқан екен.

Қорыта айтқанда, Отан тарихынан ойып тұрып орын алуға лайықты тұлғалардың бірі Байқадам батыр мен оның ұрпақтарының ел үшін атқарған істері орасан зор. Байқадам батыр туған жердің тұтастығы, туған елдің азаттығы мен қазақ халқының мүддесі жолында көрсеткен ерлігімен ел есінде қалған нартулға болып табылады. Бабамыздың ерлігі бүгінгі ұрпаққа үлгі болып, ал есімі қазақ тарихында мәңгілікке сақталып қалатындығы даусыз.

**А.БЕК,**  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

## Сақтансаң, сақтайды

### Аңшылық кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтайық

Күз – әуесқой балықшылар үшін өте қолайлы мезгіл. Балық аулау демалыстың керемет түрі болғанымен қауіпсіздік ережелерін сақтамаасаң өте қауіпті. Дәл осы мезгілде аудан көлемінде орналасқан өзен-көлдерде балық аулаушылар да, аңшылық та неқұрлым көбейе түседі. Өкінішке орай кейбір адамдар аңшылықтың соңына түсем деп қауіпсіздік ережелерін мүлдем ұмытып, соңы қайғылы жағдайларға әкеп соғып жатады.



Жақсы демалыс қайғылы себептермен аяқталмас үшін қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау жеткілікті. Жүзгіш құралдарда балық және аң аулаған кезде жазатын оқиға болуы мүмкін. Сондықтан қауіпсіздік шараларына ерекше назар аударған жөн.

Шағын көлемді кемелермен аңшылыққа немесе балық аулауға шыққанда өзіңізбен бірге дәрі-дәрмек қобдшасы, қолшам, жергілікті жердің картасы, өзінің тұрған жерін құлақтандыратын құралдарыңыз болғаны жөн. Сонымен қатар балық аулау алдында немесе аңшылықты бастама бұрын тандап алынған жерді мұқият қарау керек.

Қауіпсіз демалысты сізге тек жарамды, ақаусыз қайық қана қамтамасыз етеді. Өзіңізбен бірге ала шыққан жүктеріңізді қайық аударылып кетпейтіндей етіп орналастырыңыз.

Көл өзен жағасының бойымен жүрген кезде қолыңызда таяқша болған дұрыс. Ол сізге жолды зерттеу үшін және кез келген жағдайда құтқару жабдығының бірі болып табылады.

Қауіпсіздік шараларын ұмытпасаңыз, сіздің демалысыңыз ойдағыдай өтеді.

#### Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі



## 40 күн өтті өзіңсіз

Зымырап жатқан уақыт деген осы, ардақты анамыз Марияш Байменоваң ортамызда жүргені кеше ғана сияқты еді, балаларының бағдаршамы, өнегелі өмір ісінен айырылып қалғанымыздан бері де 40 күн өте шығыпты. Тағдырдың басқа салған сынағына сабыр қылмасқа шара жоқ, тек анамыз жайында ендігі жерде өткен шақпен естеліктер айту жанға батады.

Байменова Марияш Уатайқызы 1939 жылы 25 желтоқсанда дүниеге келген. Саналы ғұмырын медицина саласына сарп етіп, талай науқастың дертіне дауа тапты. Елдің алғысын алған абзал жанның тағлымыға толы ғұмыры кейінгі буыңға өнеге. Ардақты анамыз отбасында 3 ұл 2 қыз тәрбиеленіп өсірді. Жұмыс пен отбасының шаруасын қатар алып жүріп, балаларына да тағлымыды тәрбие берді. Аймақтың ауданның денсаулық сақтау салсының жақсаруында өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Осы салада ұзақ жыл еңбек етіп, зейнеткерлікке шықты.

Байменова Марияш Уатайқызы 2023 жылы 2 тамызда 84 жасқа қараған шағында дүниеден өтті. Жатқан жерін жайлы, топырағын торқа, иманың жолдас болсын, аяулы ана, ардақты әже. Өзінді сағынышпен еске алып, рухыңа құран бағыштаймыз.

Асыл ана, жүзін нұрлы жан едің, Отбасының мерекесі, гүлі едің. Ұрпағыңа шуақ шашып әрқашан, Жылуы мол жарқыраған күн едің!

Қадірліңді барша жандар білетін Ақ көңілің әлділеумен жүретің. 40 күн болды көрмегелі өзіңді Мейірімге толы еді-ау жүрегің!

Сізсіз енді өтер уақыт, өтер күн, Сағынумен сені мәңгі өтермін. Желеп-жебеп, ұрпағыңды рухың, Жәннат болсын, жаным Ана, мекенің!

2023 жылы 9 қыркүйекте сағат 11.00-де «Иманқұл» мешітінде Байменова Марияш Уатайқызының 40 күндік асы өтетінін барша ағайын-туыс, құда-жеқжат, дос-жаранға хабарлаймыз.

**Еске алушылар Байниязовтар уәлеті, балалары-келіндері, немере-шөберелері**

Маман мерейі

# Ұлағаты мол ұстаз

Біздің өмірдің өзі ұстаз. Бірақ осынау «ұстаз» сөзінің астарында қанша мың білім мен ғылым, махаббат пен сүйіспеншілік жатқанын байқай бермейміз. Ұстаз болу – кез келген адамның қолынан келе бермейтін ұлы іс. Шәкірт тәрбиелеу, оны биікке жетелеу, қанаттандыру, білім алу жолында бар болмысымен еңбек ету – тек ұстаздың ғана қолынан келетін қасиет.

Аудандағы дарынды балаларды тәрбиелеп, шәкірттерді үздік жетістіктерге жетелеуде Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейдің алатын орны айрықша. Әрине шәкірттің үздік болуы білікті ұстазға байланысты екені анық. Қазіргі уақытта мектептің дамуында, оқушылардың үлкен дәрежеде көрінуінде, жалпы аудан білім жоғары деңгейде көрсетуде мектептің қазақ тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі пәні мұғалімі Салтанат Орынтайқызының ер еңбегін ерекше айтуға болады.

Салтанат Қосжанова 1983 жылы 28 маусымда Жалағаш ауданында дүниеге келіп, 2000 жылы бүгінде өзі оқушыларына білім беріп жатқан Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектепті тәмамдаған. 2000-2005 жылдары аралығында «Қорқыт ата» атындағы мемлекеттік университеттің үздік түлегі атанып, сол жылдан бастап өз мамандығын жақсы көрген ұстазға айналған.

Ұстаздық жолын сонау 2005 жылы Астана қаласынан бастаған Салтанат Орынтайқызы қазіргі таңда Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицей директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқаруда. Осы жылға дейін өзінің ізденімпаздығы мен еңбекқорлығының арқасында тек қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі ғана емес, сонымен қоса ағылшын пәнінің де мұғалімі қызметін атқарған. Иә, расында мұғалімге жеті өнер де аз! Осы ұранды ұстанған ұстазымыз Салтанат Қосжанова қандай жетістіктерге жеткенін білесіз бе?

Он сегіз жыл бойы қаншама шәкірттің бойындағы шамын жаққан, шәкірттерін қаншама жетістікке жеткізген ұстазымыздың да жетістіктері аз емес. Атап айтсақ, «Педагогикалық идеялар фестивалі – 2020» республикалық байқауының жеңімпазы, 2020 жылдың қорытындысы бойынша облыс әкімі тағайындаған «Қызылорда облысының білім беру саласын дамытудағы еңбегі үшін» тесбелгісімен марапатталған.

2021 жылы шығармашыл мұғалімдердің облыстық тәжірибе аланында көрсеткен үздік жұмыстары мен жоғары кәсіби шеберлігі үшін Қызылорда облысы педагогтерінің біліктілігін арттыру орталығының «Күрмет» грамотасымен, «Пәндік олимпиада – дарындылар досы», ғылымның алғашқы баспал-

дағы» тақырыбында облысқа шебер сынып көрсеткені үшін Қызылорда облыстық оқу орталығының сертификатымен, 24-31 наурыз аралығында Анталия қаласында өткен халықаралық педагогтар қауымдастығы» атынан қатысып, Trends in the development of Turkish – Kazak modern education» атты халықаралық конференцияда баяндама жасап, арнайы сертификатын, Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы мен Шымкент қаласы білім басқармасы ұйымдастырған «Заманауи білім беру парадигмасындағы Алтынсарин ілімі» атты аймақтық форумда «Ы.Алтынсарин шығармаларындағы рухани-мәдени құндылықтар» тақырыбында баяндама жасап, алғыс хатпен Халықаралық қазақ тілі қоғамының Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі ұсынған «Арман-ПВ» баспасынан шыққан жалпы білім беретін мектептің 8,10,11 сыныптарға арналған «Абайтану» кешенді оқулықтары авторының бірі болып, осынау марапат иесі атанып, жыл соңын «Үздік педагог – 2022» атағының иегері дәрежесін алып, 3 млн теңге сыйақымен марапатталды. Сонымен бірге, аудан әкімінің «Жыл ұстазы 2022» номинациясының иегері атағымен 2022 жылды үздік нәтижеде аяқтады.

Биыл Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығының алғысымен, Жалпы білім беретін пәндер бойынша облыстық олимпиада жеңімпазын дайындағаны үшін облыстық білім басқармасы басшысының алғысымен, «Үздіксіз ізденіс жаңашылдыққа жетелейді» тақырыбында қазақ әдебиетінің классигі Фаби Мүсіреповтің 120 жылдығына орай өткен облыстық семинарда шебер сынып көрсетіп, арнайы сертификатпен марапатталған Астана қаласында өткен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің республикалық тұңғыш съезінің қатысушысы атанды. Сонымен қатар жақында ғана аудан педагогтары ішінде ең алғашқы «педагог-шебер» санатының ұстаз атағын иеленді. Осы орайда Әзілхан Нұршайықовтың «Егер ертең шәкірттеріңе үлгілі



ұстаз боламын десендер, еңбекшіл болыңдар» деген сөзі еріксіз еске түседі. Білікті мұғалімнен білімді оқушы шығары анық. Ахмет атамұзы секілді ұлт ұстазы бола білген Ыбырай Алтынсарин секілді балаларды оқуға шақырып, Мағжан секілді жастарға сөнген Салтанат Орынтайқызы ұстаздарға өз ойын жеткізді.

Ең бірінші, әрбір мұғалімнің бойында ыстық қайрат, нұрлы ақыл жылы жүрек болуы керек. Екіншіден, кез келген мұғалім ізденісте жүрсе, өз білімін үздіксіз дамуға ұстап, жетілдіріп отырса ғана нағыз шыңдалған, кәсіби мұғалім болып шығары анық. Бірақ ең маңыздысы, әр адам өз мамандығын жақсы көруі тиіс. Маған мамандығым қатты ұнағаны сонша үйде жатқан кезде емес, оқушыларға сабақ беру кезінде демаламын. Нағыз ұстаз уақытпен санаспай, күндіз-түні еңбектенсе ғана ол мұғалімнен нәтиже шығады. Қазақша «ауруын жасырған өледі» деген сөз бар, қазір қоғамда кітап оқитын оқушылар да, тіпті ұстаздар да жоқтың қасы. Абай атамұзын керемет бір сөзі бар, артық білім кітапта, ерінбе оқып көруге.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Спорт

Чемпиондар лигасы мен лиганың конференциясындағы отандық төрт клубтан топтық кезеңге жалғыз «Астана» шықты. Осыған дейінгі кездесулерде «Ақтөбе» мен «Ордабасы» сыр алдырса, «Астана» мен «Тобыл» плей-оф кезеңіне өткен болатын. «Тобыл» бұл кезеңнің алғашқы кездесуінде-ақ жеңіліске ұшырады.

## «Астана» ТОПТЫҚ КЕЗЕҢДЕ



Бұл команда үшін қарсылас оңайға соққан жоқ, өз лигасында да тәжірибелі ойын өрнегін көрсетіп жүрген чехиялық «Виктория Пльзень» отандық клубты қос кездесуде де еңсерді. Алғашқы ойында Қостанайға қонаққа келген «Виктория Пльзень» ойыншылары алаң қожайындарын 1:2 есебімен жеңсе, қарымта кездесуде «Тобыл» қақпасына 3 гол тоғытты. Өкінішке орай біздің ойыншылар құрығанда жұбаныш голын да сала алмады. Осылайша чехиялық клуб топтық кезеңнен өз орнын тапты.

Чемпиондар лигасының іріктеу ойындарында «Астана» грузиялық «Динамо Тбилисиді» жарыс жолынан ысырған. Алайда келесі кезеңдегі қарсыласы отандық клуб ойыншыларына оңай соққан жоқ, «Динамо Загреб» «Астанаға» қос кездесуде 6 гол салса, елордалық клуб бірде-бір жауап қайтарған жоқ.

Мұнан кейін еуропа лигасына бір саты төмен сырғыған «Астананың» «Людогорец» лиганың конференциясына бір-ақ түсірді. Бұл ойынның алғашқы кездесуінде «Астана» жеңіске жеткенімен болгариялық клуб қарымта кездесуде жеңісті қолдан жұлды.

«Астана» лиганың конференциясында бірден плей-офқа түсті. Албаниялық «Партизаниды» алаң қожайындары 1:0 есебімен еңсерсе, сырт алаңда тең тарқасты. Осылайша отандық жалғыз клуб топтық кезеңге жолдама алып отыр.

Мына қызықты қараңыз, лига конференцияның «С» тобында козоволық «ФК Балкани», осыған дейін «Тобылды» жарыс жолынан ысырған «Виктория Пльзень» және «Астананың» чемпиондар лигасындағы екінші қарсыласы «Динамо Загреб» бар. Әлеуметтік желіде жанкүйерлер «Астанаға» есе қайтаратын уақыт келді деп жарыса жазуда. Топтық кезеңнен елордалық клубқа шынында екінші орынмен болса да шығуға мүмкіндік те жоқ емес.

«Виктория Пльзень» хорватиялық клуб үшін оңай қарсылас емес. Сондықтан олар «Астанадан» 6 ұпай алып қалуға барын салады. Бірақ біздің ойыншыларға өз алаңымызда құрығанда 1 ұпай еңгілеуге мүмкіндік бар. Ал «Виктория Пльзеньді» елордада жеңсе, сырт алаңтан тағы бір ұпай еңгілеуге болады. Біздікі жай ғана болжам, ал келесі кезеңге кім өтеді, оны алдағы уақытта көреміз.

Кенжетай БАЛҒАБАЙ

Сенбілік

## Тазалықты өзімізден бастайық

Сенбі. Аудан халқы ойын баласынан еңкейген қарияға дейін таң атысымен тазалық жұмыстарына кірісіп кетті. Иә, тазалық жұмыстарына тұрғындар бірігіп, бір кісідей белсене атсалысты. Аудан аумағында орналасқан кәсіпорындар аумағы, гүлзарлар мен саябақтар, арық-атыздар мен аудан көшелері қоқыстан тазартылып, өкпе, сырлау жұмыстарымен қатар қураған тал бұтақтары кесілді. Сондай-ақ кент және ауылдық округтерде қоқыс жәшіктері орналастырылып, сенбілік жұмыстарына көмек болатын 4 арнайы тасмалдаушы техника да жұмылдырылған.

– Жалағаш – біздің ортақ үйіміз. Сондықтан оның көркейіп гүлденуіне әрбір тұрғын бейжай қарамай, қоқыс-қалдықтарды көз келген жерге лақтырмай, таза ұстауға ат салысуы қажет. Өйткені ортақ үйіміздің көркеюі өз ауламызды таза ұстаудан баста-

латыны белгілі. Осыны жастарға сабақ ету мақсатында мен де тазалық жұмыстарына таң атысымен шықтым. Сенбілікке шыққан жастарды көріп риза болдым, осы тазалық шарасы арқылы тұрғындар қаймағы бұзылмас ынтымақ пен бірліктің ерен үлгісін

көрсетіп отыр. Міне, мен көлеңкелеп отырған ағаш, бүгін маған сая болып тұр, сондықтан ауданымызды жасыл-желекке айналдыру біздің қолымызда, тек ниет керек. Ең бастысы, тазалық денсаулықтың кепілі екенін естен шығармағанымыз жең – дейді кент



тұрғыны Алтын Ізтілеуова. Аудан жұртымен бірге аудан әкімі Асқарбек Есжанов та сенбілік жұмыстарына қатысып, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырмалар берді. Яғни белінген аймақтар бойынша тазалық жұмыстарын жүргізу және туған жерді көркейту үшін тұрғындарды да белсенділікке шақыру керектігін айтып, әрбір үйдің ауласы және сыртқы келбеті өрленіп, көгалдандыру жұмыстарымен айналысу аудан тазалығына қосқан үлкен үлес болатынын жеткізді.

Әсіресе аудан орталығын көркейтіп-көгалдандыру бойынша жұмыстар соңғы уақытта қарқынды

жүріп жатыр. Бұл жұмыстардың игілігін бүгінде жалағаштықтар іс жүзінде көріп отыр. Мәселен, кентіміздің 7 көлік аялдамасына тарихи тұлғаларымыз бейнеленген және ұлыларымыздың ұлағатты сөзі жазылған баннерлер ілінді. Сондай-ақ көшелерге белгілі қазақ батырлары, жыраулар мен ақын-жазушылар және белгілі қоғам қайраткерлері туралы мәліметтер жазылған 11 билборд орналастырылса, орталық алаңдағы қоршау түрлі-түсті бояумен көмкерілген.

Міне, осындай креативті жобалар кент көркін айшықтаумен қатар, тұрғындарға керемет көңіл-күй сый-

лары анық. Кент өкімшілігінің қызметкерлері осындай ерекше жобалар алдағы уақытта да жалғасын табатынын, егер тұрғындар тарапынан кент көркіне сен беретін идеялар болса, қарауға дайын екенін жеткізді. Иә, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығын айтып жүргені белгілі. Сондықтан сенбіліктегі қоғамның назарын аудан көшелерінің тазалығын сақтауға аударып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруда маңызы зор.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

Меншік иесі:



Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ  
Жалағаш аудандық  
«Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы  
Бас редактор  
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:  
Бас директор - 8(7242) 70-00-36  
Бас редактор - 32-0-41  
Бас редактордың орынбасары,  
жауапты хатшы,  
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.  
«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.  
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 1396